

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 21 ақпандағы N 224

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 8 желтоқсандағы N 2674 U952674_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үкімет байланыстары бөлімшелері мен әскерлерін Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметінің басқаруына беруге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 P960053_ қаулысының 1-қосымшасына мынадай өзгертулер енгізілсін:

"Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар" атты 1-бөлімде 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің:

"Құқық қорғау органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар" деген

6-тармағындағы "19647650" саны "19408874" санымен, "2394190" саны "2155414" санымен алмастырылсын;

"Басқа да шығыстар" атты 10-тармақтағы "2052460" саны "2291236" санымен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі